

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталық

Тобы: «Жұлдыз-ай» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 04-07 наурыз 2024 жыл

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (Физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.</p> <p>(коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p> <p>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</p> <p>"Әже".</p> <p>Мақсаты. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тындап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Құралдар: әженің суреті.</p> <p>Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады.</p> <p>"Әже".</p> <p>Әжем менің әлі де,</p>	<p>"Мозаика" үстел ойыны.</p> <p>Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен</p>		<p>«Қамқорлық гүлі»</p> <p>Ойынның мақсаты : мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу .</p> <p>Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды.</p> <p>Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады.</p> <p>Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.</p>	<p>"Туған елдің көктемі"</p> <p>тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.</p> <p>Мақсаты.</p> <p>Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тындап қайталауға ынталандыру, жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне</p>

	Шай қайнатып береді, Біздің үйдің бәріне. Н. Исахметов (коммуникативтік, әлеуметтік- эмоционалды іс-әрекет)	өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табакшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. (коммуникативтік, танымдық-зияткерлік әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)		эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс- әрекет)	аударалы. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. - Туды көктем! Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктем, Сең бұзылды, су ақты. Ш. Мәмбетов (әлеуметтік- эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс- әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Картотека.№1 Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін	Музыка Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету;		Дене шынықтыру Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін	

	<p>пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылдық ойын: . «Түйілген орамал» Ойынның Мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылдық ойын: «Белбеусок». (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Мақсаты: Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру. (физикалық коммуникативтік, іс-әрекет)</p>		<p>дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Д/О: «Көгершіндер» балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. (коммуникативтік,</p>	<p>Ауладағы құстарды бақылау Мақсаты. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Құстар" қимылды</p>		<p>Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Қоңырауым қайда?"</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Бұлттар ұқсап ұшайық"</p>

	<p>физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуга үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>		<p>қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Құлыншақтар" қимылды ойыны. Мақсаты: Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанға (асықты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, Жоғарғы жақтағы</p>		<p>ойын-жаттығу Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың көзғалу</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын</p>

ер)	<p>беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тындауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; Қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректен, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; Келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>		<p>ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>музыка әуеніне сай жасауға дағдыландыру. (коммуникативтік, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Серикжан Рамис "Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Серикжан Рамис "Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Айналайын анашым, Әлпештеген мамашым, Еміп өскен бөбекпіз, Маматайдың мамасын. Ай қабақты анашым, Күн сәулесі мамашым, Ақ сүтінмен суардың Бөбегінің санасын. М. Хәкімжанова (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>		<p>Серикжан Рамис Өлең жаттау, қайталау. Құстар қанат қағады. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шик-деп, ән салады. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Серикжан Рамис Өлең жаттау, қайталау. Құстар, құстар келеді, Даланы жырға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жылы хабар әкелді. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
Балалардың үйіне қайтуы	<p>Өңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".</p>				

Тексерілді:  Ж.Ж.Жакенова

Тәрбиелеу –білім беру процессінің программасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек шағын-орталық»

Тобы: «Жұлдыз-ай» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 11-15 наурыз 2024 жыл

Күнтәртібініңкезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардықабылдау	Таңғы сүзгі; балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналарменәнгімелесу, кеңесберу	Әнгімелесу. "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.</p> <p>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!" Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) Мақсаты. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.</p>	<p>"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу.</p>	<p>«Наурыз көжені дайында» ойыны. Мақсаты: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу. Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген. (жапсыру, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. Балаларды көктем мезгілі туралы тапқыты тындап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p>
Таңертенгі жаттығу	<p align="center">Картотека №1</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Құтты болсын Наурыз! Қуанамыз бәріміз! Наурыз көктеммен келді, Бәрежелді! (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)				

<p>Жадастырылған әрекеттер</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Музыка Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты алымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты алымдау, белгі бойынша қайта жүргізу; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін қорытындылау; оқу қызметін пысықтау. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалаушы арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек</p>	<p>Ауладағы құстарды бақылау. Мақсаты. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсаты</p>	<p>Желді бақылау Мақсаты. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. (коммуникативтік,</p>	<p>Көктемгі ауа райын бақылау Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.</p>

<p>болып. Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Аю, тұр, оянышы!" қимылды ойыны. Мақсаты Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшандыққа, жылдамдыққа баулу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Аяқ ұшына тұрып, аяқтарың жүрейік" жаттығуы. Мақсаты. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуга үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>(коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ыргакпен марш басып жүруді дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшандыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)				
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ойын-жаттығулар " Мақсаты. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	ойын-жаттығу Мақсаты. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	"Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, Тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау. Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	ойын-жаттығу Мақсаты. Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; дөңгелек пішіннің дұрыс болуын қадағалауға жаттықтыру; қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	ойын-жаттығу Мақсаты. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына көңіл аударуға баулу. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Серикжан Рамис	Серикжан Рамис	Серикжан Рамис	Серикжан Рамис	Серикжан Рамис

	<p>«Кііз үй». Кел, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. (шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады) Шанырақты көтеріп, Керегені құрайық. (коммуникативтік, шығармашылық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>"Наурыз" мәнерлеп оқу. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп аламыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. Б. Жакыпов (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>"Қаз-қаз бас" өлеңінің қайталау. Қаз-қаз-қаз, Қаздан бас. Бір, екі, үш, Аздан бас. Қаз-қаз бас, Құлама. Құласаң, Жылама! (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны. Мақсаты: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. - Саң - саң, бассан. - Ді - ді, кер - меу - ін - ді. Кермеуінді. - Ін - ін, шешейін. - Ды - ды, тұсауынды. - Ды - ды, та - қы - мың - ды. Тақымынды. - Ға - на, қа - да - мы - на. Қадамына. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
<p>Балалардың үйіне қайтуы</p>	<p>Өңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"</p>				

Тексерілді:  Ж.Ж.Жакенова

Тәрбиелеу –білім беру процессінің программасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек шағын-орталық

Тобы: «Жұлдыз-ай» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі Запта 18-20 наурыз 2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
